



Бекітемін

«Нурби» мектеп-

Бөбекжай бақша кешені

Меңгеруші

Бердімбетова Ж.С.

# Ашық оқу қызметі

Тақырыбы: Ағаштың суреті

«Жұлдыз» мектепалды даярлық топ

Тәрбиешілер:

Амирова Жанар, Бапаева А.К.

2021-2022 ж.

Балабақша: «Нұрби» ЖШС балабақша кешені

Топ : МАД «Жұлдыз»

Педагог: Амирова Жанар, Бапаева А.К.

Білім беру салалары: «Шығармашылық»

Бөлімдері: Вариативтік компоненті «Шебер қолдар»

Тақырыбы: Ағаштың суреті

Мақсаты: 1. Білімділік: Үй жануарлары жайлы білімдерін кеңейту.

2. Дамытушылық: Саусақ маторикаларын дамыту.

3. Тәрбиелік: Ұқыптылыққа тәрбиелеу.

Әрекет кезеңдері Тәрбиешінің іс-әрекеті Балалардың іс-әрекеті

Мотивациялық –

қозғаушы

Достарды біз қолдаймыз Қиын шақта қолдаймыз, Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз!  
Ғажайып сәті: Есік тарсылы естіледі.Топқа, қуыршақ Айгерім кіреді. · Сәлеметсіңдерме балалар? ·  
Сендерді аналарың қалай еркелетеді? Балалар қызығушылық танытады. · Сәлеметсізбе! · Мені,  
анам құлыным- деп еркелетеді. · Мені,ботам –деп еркелетеді.

Іздену - барлау

· Көрдiңдер ме, балалар! Сендердi аналарың төрт түлiк малдың атымен еркелетедi екен. · Тағы қандай үй жануарларының атарымен еркелетедi? «Төлiн тап» д.о Балалар мен сендерге жұмбақ жасырайын. Көктемде жасыл, қыста қоңырю Ол не? · Олай болса бiз сендермен ағаштың мүсiнiн жасайық. Сергiту сәтi. Бiз кiшкентай баламыз, Өсiп-өнiп толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Қанат қағып ұшамыз, Қарлығаштай самғаймыз. -Ботам, қозым, лағым, құлыншағым. · Балалар, «ағаш» екенiн айтады. Балалар мүсiндi жасауға кiрiседi.

Рефлексивтi -

қорытындылау Айгерiм, балалардан не жасағандарын сұрайды. Балалар өздерiнiң мүсiндерiн Айгерiмге берiп, мен, қозы жасадым - деп өз жасаған

Жұмыс соңында көрме ұйымдастыру. мүсiндерiнiң аттарын айтады.

Күтiлетiн нәтиже:

Бiлуi немесе хабардар болуы: Өз қиялдары арқылы мүсiндеуге үйренедi. Ойлау қабiлеттерiн дамытады.

Қалыптасқан әдет: Өз ойларын iске асыра алады.

Истей бiледi: Мүсiндей алады.

2-ҰОҚ. МЕНІҢ ҮЙІМ Мектеп/МҰ:

(сюжеттік аппликация) № 18 мектеп

Күні: Педагогтің аты-жөні: Абилжанова Нурия

Сынып/топ: МАД «А» Қатысқандардың саны: Қатыспағандардың саны:

ҰОҚ-нің оқыту 0.1.2.1. Жапсыруда дербес немесе ұжымдық сюжеттік композиция жасау, заттардың кеңістіктік

мақсаттары: қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала

отырып оларды аспанға, суға, жерге қатыстылығы бойынша орналастыру.

0.2.1.1. Геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттардың бейнесін қию (жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып алу).

0.2.2.1. Жапсыруға арналған материалдарды тиімді жұмсау (тығыздығы, түсі, текстурасы жағынан әртүрлі қағаздар).

0.2.2.4. Жұмыс барысында жұмыс орнын, құралдарын ретке келтіру.

Күтілетін нәтижелер Барлық тәрбиеленушілер:

- жолақтарды тіктөртбұрыш, шаршыларды үшбұрыш етіп қию, шаршының немесе тіктөртбұрыштың бұрыштарын қию арқылы шеңбер және сопақ пішіндерді қиып ала алады;
- заттардың кеңістіктік қатынастарын, түсін, пропорциясын, заттар мен олардың бөлшектерінің текстурасын есепке ала алады.

Көптеген тәрбиеленушілер:

- геометриялық пішіндер негізінде қарапайым заттарды қия алады;
- жапсыруда жеке сюжеттік композиция құра алады;
- суреттерді үлкенінен бастап, кейіннен оларды ерекшелігі бар ұсақтарымен толықтыра отырып, қағаз парағына жапсыра алады;
- геометриялық фигуралар негізінде қарапайым заттарды қия алады.

Кейбір тәрбиеленушілер:

- өз бетімен елестету бойынша суреттерді құрастыра алады;
- композиция заңдарын қолдана алады;
- фигуралардың көлемінің әртүрлі екендігін айқындай алады.

Тілдік мақсаттар Дағдыларды дамыту:

- сұрақтарға жауап беру, бұрын меңгерілген білімді еске түсіру;

-шығармашылық үдеріс кезінде мүмкіндіктер шеңберін талқылау;

-тапсырмаларды орындау кезінде сөйлеу және тыңдау дағдыларын бекіту;

-қазақ, ағылшын тілдерінде таныс сөздерді тану;

-түпкі ойды түсіндіру.

Көптілділік: аула – двор – с ourt.

Негізгі терминдер мен сөз тіркестері.

Сюжеттік композиция, кесу, қию, бөлу, ою, геометриялық фигуралар, қайшы, желім.

Талқылауға арналған сұрақтар:

Сен қайда тұрасың?

Сенің аулаңда не бар?

Құрылыстар қандай геометриялық фигураға ұқсайды?

Қандай түсті пайдалануға болады?

Қандай тәсілмен қиюға болады?

Қағазды қалай бүктеуге болады?

Алдыңғы білім Қарапайым сюжеттік композиция құру, қағаз парағын толтыру білігі. Қайшымен жұмыс істеу

дағдылары. Геометриялық фигураларды білу. Негізгі түстермен және олардың реңктерімен танысу. Қазақстанның табиғатын, адамдардың еңбегін бейнелеу.

Жоспар

Жоспарланған уақыт Жоспарланған іс-әрекет Ресурстар

I. Оң көңіл күй (Ұ) ҰОҚ-де оң көңіл күй орнату.

орнату. Сәлеметсің бе, оң қол (қолымызды оңға қарай созамыз), Музыкалық сүйемелдеу.

0–1 минут Сәлеметсің бе, сол қол (қолымызды солға қарай созамыз),

Сәлеметсің бе, достым ( бір қолымызбен көршінің қолын ұстаймыз),

Сәлеметсің бе, достым ( екінші көршінің қолын ұстаймыз),

Сәлем, сәлем татулық шеңбері (қолдарымызды тербелтеміз),

Қол ұстасып тұрғанда (біз бір үлкен шеңбер құрамыз),

Кішкентай да бола аламыз ( отырамыз),

Үлкен де бола аламыз (тұрамыз),

Бірақ ешкім де жалғыз қалмайды.

## II. Өмірлік

тәжірибені (Ұ) Педагог балалардан қоршаған орта – көше, үй, аула туралы пікір Алаңдардың, аулалардың

өзектендіру. бөлісулерін ұсынады. Жұмбақ жасырады: фотосуреттері,

Мақсат қою Алыстағы апаңмен, иллюстрациялар.

2–5 минут Оқудағы ағаңмен,

Тілдестіріп тұратын,

Заттың атын табар ма ең? (Телефон)

Тұмсығымен ояды,

Ұя салып қояды,

Табыңдаршы, балалар,

Ол қандай құс болады? (Тоқылдақ)

Балаларды алдағы жұмысқа жұмылдырады. Жұмысқа қажет құрал-

жабдықтардың – төсеніш клеенкасы, қайшы, желім, желімге арналған

жаққыш, шүберек, түрлі түсті қағаз, қоқыс салғыштың дайындығын

тексереді.

III. ҰОҚ-нің (Ұ) Әліппе-альбомның иллюстрациялық материалымен жұмыс. Әліппе-альбом. Педагог тәрбиеленушілерге иллюстрацияға қарап, аулада ненің

тақырыбы бойынша орналасқанын белгілеуді сұрайды. Аулада достарымен бос

жұмыс уақыттарын қалай өткізетіндерін сұрайды.

6–25 минут (Ж) Тәрбиеленушілер жұптасып, аулада орналасқан геометриялық

фигуралар неге ұқсайтынын талқылайды.

Педагог балалардың алдына геометриялық пішіндер негізінде

қиылған қарапайым заттардан «Менің аулам» тақырыбына жеке

сюжеттік композиция құрастыру міндетін қояды.

(Ұ) «Үйшік» саусақтарға арналған жаттығу. Музыкалық сүйемелдеу.

Саңырауқұлақтың асты – күрке-үй (алақандарын күрке тәрізді

біріктіру),

Ол жерде көңілді құртақан тұрады,

Біз оның есігін жаймен қағамыз (жұдырықпен екінші қолдың алақанын

соғу),

Қоңырауын соғамыз (екі қолдың алақандарын төмен қаратып,  
саусақтар айқастырылып, оң қолдың ортаңғы саусағы төмен бүгіліп,  
сәл теңселеді),

Бізге есікті құртақан ашады,

Күрке-үйіне бізді шақырады.

Күркенің ағаш едені бар

(алақандарын төмен қаратып, қырларымен бір-біріне тақап, қысады),

Үстінде емен үстел тұр

(сол қолдың жұдырығының үстін оң алақанмен жабады),

Жаныңда арқасы биік орындық

(сол қолдың алақанын тігінен жоғары көтеріп, ал оның төменгі

жағына бас бармақты өзіне қаратып оң қолдың жұдырығын тірейді):

Үстелде шанышқы мен тостаған

(сол қолдың алақанын жоғары

қаратып үстел үстіне қойып, оң қолмен шанышқыны бейнелейді:

алақанды төмен қаратып, төрт саусақты түзу тарбитып, ал бас

бармақты алақанға қысады.

Буы бұрқырап құймақтар тұр.

(Ұ, Ж) Жұмыстың орындалу технологиясы

Педагог жұмысты бастамас бұрын нені бейнелейтінін, қандай түсті  
қағаз керектігін, бөліктерін қандай тәсілмен қию керектігін ойланып  
алуларын ұсынады. Педагог суретті құрастыру процесін, жапсырма  
жасау кезектілігін көрсету үшін тікелей үйрету әдісін қолданады.

Жұмыстың кезектілігі тақтада барлық кезеңдері көрсетілген схема  
түрінде бейнеленеді.

Балаларды жұмыс алгоритімімен таныстырады.

Тіліктер тіктөртбұрыш етіп қиылады.

Шаршылар диагоналі бойынша бір бұрыштан екіншісіне дейін  
үшбұрыштарға бөлінеді.

Шаршы мен тіктөртбұрыштың бұрыштарын кесіп алып, дөңгелек

және сопақша пішіндер қиылады.

Педагог балалардың дәл қиюын және бөлшектерді бүлдірмеуін Түрлі түсті қағаздар, ПВА қадағалайды. Қию сызығының анық, бұдырсыз болуын қадағалап, желімі (немесе қарындаш-қиған кезде қағазды ойып алмауға тырысу қажет. желім), желімге арналған

Балаларға сюжеттік жапсыру кезектілігін сақтау керектігін жаққыштар, шүберектер, түсіндіреді: алдымен артқы көрініс, одан кейін жақын көрініс; клеенка.

алдымен ірі бөліктер, одан кейін шағын бөлшектер. Сондықтан

барлық пішіндерді қиып алғаннан кейін балалар оларды сюжетке

сәйкес фонға орналастырып, жапсыруды неден бастау керектігін

шешеді. Педагог шығармашылық қабілеті жоғары балаларға 2-3 затты

орналастыру жоспарын беріп: жерді, аспанды, түсті дұрыс таңдауға Қайшының суреті.

ерекше назарларын бөлуді тапсырады. Педагог тәрбиеленушілерге

қағазды үнемдеп пайдалану керектігін ескертеді. Ірі қиындыларды

лақтырмау қажет, оларды ұсақ бөлшектерді жасау үшін пайдалануға

болады. Балаларды жұмысты тез, ұқыпты орындауға және өзінің

жұмыс орнын жинастырып қоюға бағыттайды.

(Ұ) Қауіпсіздік ережелері. Қайшымен жұмыс істеу

Педагог тәрбиеленушілерге жұмбақ жасырды: ережесі жазылған плакат

Қос таяқ, (слайд).

Бастары дөңгелек,

Тұтас затты

Кеседі бөлек-бөлек. (Қайшы)

Бұл құрал өте мықты,

Жұмысы жетіп артылады.

Кесіп, қиюдан шаршамайды.

(Қайшы)

Сабақ шеңберінде қайшымен жұмыс істеу ережелерімен

таныстырады.

Өз жұмыс орнында жұмыс тәртібін сақта.

Жұмысты бастамас бұрын құралдардың түзу болуын тексер.

Жұмыс кезінде қайшының ашаларының қозғалысын қадағалап отыр.

Қайшының ашаларын ашық қалдырма.

Қайшыны сауытына ашаларын төмен қаратып сал.

Қайшымен ойнама, қайшыны бетіңе тақама.

Қайшыны міндетіне сай пайдалан.

IV. ҰОҚ-ін (Ұ, Ө) Рефлексиялық бағалау Сабақтың соңында тәрбиеленушілер педагог ұсынған сұрақтарға Ойын кейіпкерлері.

қорытындыл

ау. жауап береді: бір-бірінің құлағына сыбырайды немесе ойын

Рефлексия. кейіпкерлеріне не бүкіл сыныпқа дауыстап айтады: Музыкалық сүйемелдеу.

Сен нені барлығынан да жақсырақ істедің?

26–30 минут Бүгін саған кім көмектесті?

Сен нені жасай алмадың және не себепті?

Келесіде оны жасау үшін не істейсің?

Ең қиыны не болды?

Ең қызықтысы не болды?

Тағы да нені жасай алмадың?

Сабақтағы жұмысы үшін кімге алғыс айтар едің және т.б.?

Сынып: МАД «А»

Мерзімі:

Мұғалім: Абилжанова Нурия

Сабақтың тақырыбы: Жеті ата.

Сабақтың мақсаты: Оқушыларға қазақ отбасындағы тәрбиенің ерекшелігі туралы қысқаша мағлұмат беру. Жеті ата атты ұлағатты ұлттық ұғымнан хабардар ету.

Міндеттері: Оқушылардың сөздік қорын арттыру, тілін дамыту;

Күтілетін нәтиже: - Ойлау дағдылары артады.

- Өздігінен тақырыпты меңгереді. - Қызығушылықтары артады.

-Өз идеясын ұсынады.

Табыс критерий

-тақырып бойынша жұмыс істей алады;

-сыныптастарын тыңдай алады;



-өз ойын мүмкіндігінше жеткізеді;

-қолжетімді сұрақтарға жауап береді;

Сабақтың барысы:

I.Ұйымдастыру кезеңі. Сәлемдесу, оқушыларды түгендеу. -1/2 минут

- Сіздер бүгін екі топқа бөліндіңдер.Әр топтың спикері бар.Спикер топтағы оқушыларды сабақ барысында критерийлер арқылы бағалайды(критерийлер тақтаға жазылған). Сабақтың соңында топтар бірін-бірі бағалайды.Соңдықтан мұқият тыңдап отырыңдар.

II.Үй тапсырмасын тексеру (kohoot бағдарламасы арқылы) -5/7 минут

(Бағалау,түсінік беру) -1 минут

-Бүгінгі сабағымыздың тақырыбы келесі бейне роликпен байланысты.

-видео-[https://www.youtube.com/watch?v=\\_Q2dcGRhcHQ](https://www.youtube.com/watch?v=_Q2dcGRhcHQ) -1 минут

1.Ой шақыру:

-Балалар,бұл бейне материал не туралы болды?

-Жеті ата туралы кім не біледі?

-Келесі суреттерде өздеріңді тауып, сабақтың басында бүгінгі «Жеті ата» тақырып жайында білімі кім қай жерде екендігін дәлелеп,баяндар.

(Оқушылар өз суреттерін тақтаға іледі-«ДЕЙІН» деген сөздің астына)

-Бүгінгі сабақтың тақырыбы: «Жеті ата» (тақтаға, дәптерлерге күннің жадысы мен тақырыпты жазу) III.Жаңа сабақ:(слайд ) -5,3 минут -

1. Өз ұрпағына жеті атасын үйрету атадан балаға жалғасып келе жатқан қазақтың тәрбиелік дәстүрі .Бала өзінен бастап әкесі, атасы, бабасы т. б. жеті атасының есімдерін жаттап өседі. Бұлардан тараған ұрпақтар бір атаның балалары болып саналады. Бір баладан тарайтын ұрпақ әкеден төмен қарай жалғаса береді. Жеті атаға толмай бір - бірімен қыз алыспайды. Бір атадан тараған туыстар бір - бірімен туыстық, бауырмалдылық, сыйластық та болады.

« Жеті ата» - бір кісіден тараған аталас қауым:

Жеті ата Жеті ұрпақ

1. Бала 1. Әке

2. Әке 2. Бала

3. Ата 3. Немере

4. Арғы ата 4. Шөбере

5. Тек ата 5. Шөпшек

6. Түп ата 6. Немене

7. Баба 7. Туажат ( дәптерге жазып алу)

2. Сөздік жұмыс: ( слайд) Арғы ата-Прадедушка,

Тек ата-Прапрадедушка,

Түп ата-Прапрапрадедушка,

Баба-Прапрапрадедушка,

Немере – внук, Шөбере – правнук,

Шөпшек-праправнук,

Немене –прапраправнук,

Туажат- прапраправнук

3.Кітаппен жұмыс. 61 бет, «Жеті ата» мәтінімен жұмыс. -5/7 минут

-Бұл мәтінде не туралы айтылған?(Бұл мәтінде жеті ата туралы айтылған )

-Қазақ халқы жастарға қандай тәрбие беруге тырысқан?(Қазақ халқы жастарға халықтық, отансүйгіштік тәрбие беруге тырысқан)

-Жеті атасын білмеген қандай адам деп саналады? (Жеті атасын білмеген жетесіз деп саналған)

-«Жетесіз» деген сөз безродный деген мағынаны білдіреді.Бұл мәтелді дәптерлеріңе жазып алыңдар.

-Мәтелдің мағынасын қалай ұқтыңдар?(Жеті атасын білмеген адам жетесіз,жетім деп саналады.)

(Бағалау,түсінік беру) -1 минут

1. ЖАЗЫЛУ/БЕКІТУ: -3/5 минут

1ТОП-Берілген сөздерден мақал құрастыру,мағынасын түсіндіру

2ТОП-«Жеті ата»тақырыбын сахналау.

3ТОП-Берілген сөздерді постерде құрастыру,аудармаларын салыстыру.

(Бағалау,түсінік беру) -1 минут

4.Миға шабуыл ( айтылым, суреттерді бояу,тақтаға ілу) -3 минут

1)-«Жеті ата»,« Жеті ұрпақ» туралы не білдіңдер?

2)-«КЕЙН» - суреттерде өздеріңді тауып, сабақтың соңында кім қай жерде екендігін дәлелеп,бояңдар. (Оқушылар өз суреттерін тақтаға іледі-«КЕЙН» деген сөздің астына)

5. Бекіту:

-Сабақтың соңында тағы да ұялы телефондарыңды қолдарыңа алыңдар. Play Market бағдарламысында «Жеті ата» мобильді қосымша бар.Оның көмегімен кез келген адам өзінің жеті атасы жайында ақпаратты жинай алад

(Оқушыларға мобильдік бағдарламаның мүмкіндігін көрсету) -4/5 минут

6. Бағалау: топтардың спикерлері тақтаға өз жұмыстарын бағалап, түсінік береді. Топтар бір-бірін бағалайды. -3/4 минут